

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 17 (869) 15 сәуір 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 1-і тоқсанда пациенттерден 5,5 мыңнан астам шағым қабылдады

2022 жылдың 1-тоқсанында әртүрлі байланыс арналары арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 208,5 мың өтініш келіп түсті, оның 5,5 мыңнан астамы – медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне байланысты шағымдар.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының міндеттерінің бірі пациенттердің құқықтарын қорғау болып табылады. Күн сайын Қор келесі ресми байланыс арналары арқылы өтініштерді қабылдайды:

- 1406 байланыс орталығы,
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы,
- fms.kz ресми сайты,
- Telegram-дағы @SaqtandyrúBot.

Талдау көрсеткендей, байланыстың ең сұранысы жоғары тәсілі 1406 байланыс орталығы болып қала береді – қысқа нөмір арқылы өтініштердің 83%-ы келіп түсті. Екінші орында – Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы.

«Қорға көбінесе Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының, Ақтөбе, Ақмола облыстары мен Шымкент қалаларының тұрғындары жүгінеді. Қостанай облысының тұрғындары сирек кездеседі. Өтініштердің негізгі бөлігі консультативтік сипатта болады. Өтініш берушілер жарналар мен аударымдарды қалай төлеу керектігін, МӘМС бойынша медициналық көмекті алу үшін қандай кезеңдерде төлем жүргізу керектігін сұрайды», – дейді Қордың заңды және жеке тұлғалармен жұмыс жасау департаментінің директоры Забира Оразалиева.

Қорда атап өткендей, бірінші тоқсанда 5,5 мың шағым түскен. Пациенттер медициналық көмектің сапасыз көрсетілуіне немесе одан бас тартылуына, консультациялық-диагностикалық қызметтерді ұзақ күтуіне, тар бейінді мамандарға жазбаның болмауына шағымданды.

«Шағымдардың негізгі себептері-тағайындалған емдеумен, қойылған диагнозбен келіспеу, дәрігердің медициналық қызметтерге жолдама беруден бас тартуы, бейінді дәрігердің консультациясын немесе диагностикалық тексеруді күту, өңірде қажетті мамандардың болмауы. Қор әрбір шағым бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізуде. Біз пациенттерді өз құқықтарын білуге және олар біздің жағдайында, жағдайы сол жерде шешу үшін алдымен медициналық ұйымның өзінде Пациенттерге қолдау көрсету қызметіне жүгінуге шақырамыз. Бұл қызметтер барлық емханалар мен ауруханаларда бар. Егер мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса, Қорға жүгіну қажет», – деп Забира Оразалиева атап өтті.

Өтініштерді талдау қорытындылары бойынша пациенттердің құқықтарын бұзу жағдайларын болдырмау немесе алдын алу үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры клиникалармен қажетті жұмыстарының бағыттарын анықтайды. Бұл үшін Қор апта сайын семинарлар ұйымдастырады, медицина қызметкерлерін оқыту бағдарламаларын түзетеді, тестілеу өткізеді, қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар береді.

Медициналық ұйымдарда қызмет көрсету сапасын жақсарту және медициналық қызметкерлер мен тіркеу, анықтама қызметтерінің МӘМС жүйесінің жұмысы және медициналық қызметтер туралы білімдерін тексеру үшін Қор тұрақты түрде «Жасырын пациент» акциясын өткізеді. 2022 жылдың 1 тоқсанында Қордың 650 жеткізуші – медициналық ұйымдарының анықтама, тіркеу және call-орталықтарына қоңырау шалынды. Түркістан, Батыс Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласының медицина қызметкерлері медициналық көмек көрсету бойынша ең жақсы білімдерін көрсетті.

Медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеру және жүргізілген төлемдер туралы Медициналық сақтандыру қорының «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасы мен Telegram-дағы @SaqtandyrúBot арқылы біле аласыз, немесе ҚР және egov.kz электрондық үкіметі сайтының «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметіне тапсырыс бере аласыз.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

• Аудан әкімдігінің отырысы

Өңірді көгалдандыру – Баршаға ортақ іс

Ағымдағы жылы сәуірдің 13 жұлдызында Тайынша ауданының әкімі Р.Ә.Аңбаев аудан әкімінің отырысын өткізді. Отырыстың күн тәртібінде қаралған бірінші мәселе: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттерді іске асыру туралы болды. Бірінші мәселе бойынша сөз алған Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Г.С.Сабырова «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен Жаңғыру жолы» атты биылғы Жолдау бойынша өз ойын ортаға салды. Жолдаудың әрбір бөліміне жеке-жеке тоқталып өтті. Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы сонымен қатар, бұл қағидат қазір кез-келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды екенін айтты. Осы бағытта Отандық ақпарат құралдарының елімізде, жекелеген өңірлерде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс екенін де айтып өтті. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған

тікелей байланысты. Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтере алады және көтеруге міндетті. Бірақ, мұны жоғары азаматтық жауапкершілікпен жасау керектігін де ескертті. Екінші мәселе Халықты жұмыспен қамтудың негізгі көрсеткіштерінің орындалу барысы туралы О.Г.Нероба ақпарат берді. Ал, Күн тәртібіндегі үшінші мәселе - Тайынша ауданында автомобиль жолдарын абаттандыру, жағдайын жақсарту және оларды қайта жаңарту жөніндегі жұмыстардың барысы туралы Б.А.Темирбеков ақпарат берді. Қаралған барлық мәселелер бойынша аудан әкімі қорытынды жасады. Бүгінгі таңдағы қоғамдағы негізгі мәселелердің бірі – аудан көлеміндегі абаттандыру мәселесі болды. Әрбір округтердегі қоқыстармен қатар, қаңырап бос тұрған иесіз құрылыстарды сырып тастау қажеттігі айтылды.

Көктемгі маусымның басталуымен аумақты абаттандыру - барлық ауылдық елді-мекендер үшін маңызды шаралардың біріне айналды. Қар еріп, көк шығы сияқты тамаша көрініспен қатар жағымсыз тұстар да байқалады. Атап айтсақ, қар астынан пластикалық және шыны бөтелкелер, азық-түлік пакеттері, целлофан пакеттері және басқа да қоқыстар шыға бастады. Тазалықты тү етіп, күрек пен тырманы қолға алу – аудан тұрғындары үшін игі дәстүрге айналғандай. Өңірдің сәні – тазалық. Жүрген ортамыз таза болып, қала мен ауылдарымыздың жасыл желек жамылған жерлері күн санап көбейіп жатса, әрине, ол өте қуанышты жағдай. Елді-мекендердің санитарлық тазалығы бойынша атқарылған іс-шаралармен қатар, келеңсіз жағдайлар газет бетінде әшкеременіп, жазылатынын ескертеміз! Көгалдандыруға байланысты жалпы аудан тұрғындары еңбек белсенділігін көрсетеді деген сенімдеміз. Осы бағытта сенбіліктер ұйымдастырып, қала, аудан бойынша жұмыстар атқарылып жатса, әрине, қоршаған ортамыз таза да сәнді болары сөзсіз! Дегенмен, әлі де болса, қала шеттері мен жекеленген жеке

меншік үйлердің жанында қолға алар жұмыстар баршылық. Сондықтан, әрбіреуіміз өзіміз тұрып жатқан өңіріміздің тазалығына көңіл бөлейік. Қала орталығында орналасқан балалардың демалыс орнына да жанашырлықпен қарап, жүрген жеріміздің тазалығына ерекше көңіл аудару қажет. Адам - табиғаттың ажырамас бөлігі. Табиғат пен адам қатар ұғым. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Адам табиғатты қасиет тұтуы керек. Табиғат тіршіліктің құт - берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті. Табиғатты қорғау, сақтау қазіргі жастардың қолында. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар. Сондықтан табиғат адам үшін асыл ана. Өйткені адам баласы табиғаттың тіршілігінде өсіп-өніп, жетілген. Табиғат - ырыздықтың, ырыс пен мол қазынасының қайнар көзі, адам денсаулығының сенімді сақинасы. Қазіргі табиғаттың ластануы үлкен - мәселе. Табиғат-сөз жетпес сұлулық, баға жетпес қазына, көз тоймайтын әсемдік екенін, бір сәтке де есімізден шығармайық!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

АДАЛ ЕҢБЕК – ЕР АТАНДЫРАДЫ

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Аулабаев Есентай Құсманұлы - адал еңбегімен еліне елеулі, халқына қалаулы болған ерекше жан. Ол 1943 жылы қыркүйек айының бірінші жұлдызында Красноармейск ауданының Еңбек ауылында дүниеге келді.



Жұмыстың ауырлығы болды ма, миокард инфарктісі болып қалдым, содан үш ай емделіп, зорға қатарға қосылдым. Одан кейін де бірнеше рет инфаркт алдым. Әйтеуір бірінші Алланың, екінші дәрігерлердің арқасында әлі ептеп өмір сүріп жатырмын.

Емделіп келген соң директорға барып, басқа жұмысқа ауыстыруын сұрадым. Ол кісі сөз айтқан жоқ, бір бригадаға механик қылып жіберді. Сол кезде директорлар ауысып, жаңа директор тағы мені бірінші егіс бригадасына болмай жіберді. Жері үлкен, 6700 гектарға егін себеді. Тағы 1500 гектар пар болатын. Егіннің бір шеті Еңбек ауылының қасында болса, екінші шеті сонау Совет совхозымен шектелді. Бірде-бір механизатор не жаяу, не аш қалған емес. Соның бәрін қалай үлгергенімді білмеймін. Шіркін, жастық шақ! Еңбек кітабымдағы жазу бойынша 49 жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шықтым.

Қазір міне, жасым 79-ға келді, үлкен ұлым Дулат пен Балдырған келінімнің қолындамыз. Күлжиян кемпірім екеуіміз ештеңеге зәру емеспіз. Бәрі бар шүкіршілік! 1968 жылы Каримова Күлжиян Жүнісқызына үйлендім. Мен өзімді бақытты жан деп санаймын. Үш қыз, екі ұлымыз бар, немере-шөберелеріміз бар. Барлығы өз алдына шама-шарқынша біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүріп жатқан жайлары бар, - деп өмір тарихын жеткізген ағамыз, шынымен де нағыз еңбек ардагері деп айтуға лайық жан деген ойдамын.

Президент Қ.Тоқаевтың «Жалпы, бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеругіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет», - деген келелі пікірінде үлкен мән-мағына бар. Еңбек адамын қадірлеу қай заманда да басты қағидат болып қала бермек. Бұл жағынан алғанда кеңестік кезеңнің жақсы дәстүрінен өнеге алған дұрыс. Ол уақытта шыны керек, шопан, механизатор, сауыншы, токарь тағы басқа қарапайым еңбек адамдары жоғары марапаттарға ие болып, партия съездеріне делегат болып қатысатын. Бұл қай заманға да қажет, керек тәжірибе екені сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, ауыл шаруашылығында қол жеткізген аса үздік көрсеткіштері үшін еліне елеулі, халқына шынымен де құрметті болған Есентай ағамыздың елге қызмет ету қағидаты – жастарымызға әрдайым үлгі-өнеге. Халқымыз еңбектің қадірін жете білген. Сондықтан да адал еңбек етіп, маңдай терін төгіп, үлкен жетістікке жеткен жандар туралы ғибратты сөздерді көп айтқан. Жастарға олардың толағай табыстарын үлгі еткен. «Еңбек ер атандырады», - деген даналық сөз содан қалса керек. Өз басым сол өз дәуірінің мақтанышы болған, нағыз қажырлы еңбек адамының өмір жолына қарап, халық даналығына бірауыз сөзімді қосып, «Адал еңбек ер атандырады», - дегім келеді. Бұған кейіпкеріміздің өнегелі өмірі – нақты дәлел.

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»



ӘКЕ ӨНЕГЕСІМЕН...

Көп балалы үйде үлкенінің еңбекке ерте араласатыны белгілі. Өзінен кішілерге қамқор болса, әке-шешеге көмекші болады. Қали да еңбекке ерте араласты. Тоғыздан жаңа асқан бала совхоз егіс алқабына арамшөп жұлға шықты. Міне, содан жылына бір жұмыс қосылып отырды. Қой бақты, шөп шапты...



Осының бәрі әке тәрбиесі, жасынан жұмысқа баулауы десек, қателеспеспіз. Әкесі Манаш бұрынғы Көкшетау ауданы Қараөзек ауылының тумасы. Бірақ ерте жетім қалып, тағдырдың тәлкегімен сол кездегі алғашқы совхоздардың бірі – Солтүстік Қазақстан облысы, Красноармеец ауданындағы Киров атындағы совхоздың Трудовое бөлімшесінен бірақ шығады. Әкесі бал дәурен балалықтың тәтті дәмін татты ма, татпады ма Қали оны білмейді. Әкесінің өз аузынан естігені өткен ғасырдың 30-шы жылдарының басында трактористер курсын тәмамдап, ауылда алғашқылардың бірі болып тракторге отырғаны. Ерен еңбегі үшін 1940 жылы «Озат тракторшы» деген төсбелгі тағып, Москваға халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне жолдама алады...

Ұлы Отан соғысы басталысымен Манаш өзінің ЧТЗ-60 тракторымен майданға аттанады. Сөйтіп, соғыстың басынан аяғына дейін болып, екі рет жарақаттанып, 1946 жылы елге оралады. Майдандағы ерлігі ескерусіз қалмай Манаш «Әскери ерлігі үшін», «Москваны қорғағаны үшін», «Кенисбергті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталады...

Соғыстан оралысымен Манаш Құлышұлы бейбіт өмірде қайтадан тракторға отырады. Әсіресе ол күзде комбайнге отырғанды ұнататын және оны ұрышқа үйіріп, егін орғанда көңілі көтеріліп, өзіне қанат біткендей сезінетін. 1950 жылдың орағы да сондай болды. 450 гектар алқаптың егінін орып, «Сталинец-6» комбайнының екі тіркемесімен 7 227 центнер астық жинап топжарады. Бұл соғыстан кейін еңбектегі ерлігі еді. Манаш Құлышұлының ерлік еңбегі ескеріліп СССР Жоғары Советі Президиумының 1951 жылғы 22 тамыздағы Жарлығымен оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді... «Сайына қарай - саласы, әкесіне қарай - баласы» дегендей, әке көріп оқ жонған баласы Қали өзінің туып-өскен Киров атындағы совхоздың Трудовое селосында комбайнға отырып, «Участник 10 целинного урожая» төсбелгісін тақты...

Қали 1966 – 1968 жылдары Өзбекстандағы Қаған қаласында әскери міндетін абыроймен атқарып, әскерден келісімен машина руліне отырды. Жасынан жұмысқа араласып, шыныққан жігіт қай тапсырма болмасын абыроймен атқарып, әрдайым озаттар қатарында болды. 1970 жылы «За добросовестный труд в ознаменовании 100 летия со дня рождения В.И.Ленина» мерекелік медалімен марапатталып, аудандық комсомол комитеті Болгарияға туристік жолдама берді. Қара теңізге суға түсіп, «Алтын құм» жағажайында жатқанын әлі күнге ұмытылмақ емес...

Техника тілін жетік меңгерген Қалиды 1971 жылы шебер – жөндеуші (мастер-наладчик) жұмысына жібереді. Бұл жұмыста да жақсы атқарғаны ескеріліп Москваға дем алуға жолдама берді...

1981 жылы Қали Манашұлы «III дәрежелі Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды.

1995 жылы Қали Манашұлы шаруашылықтың трактор-егіс бригадасына бригадир, кейінен сол өзінің Трудовое селосында бөлімше меңгерушісі болып жұмыс атқарды.

Бұл күнде Қали Манашұлы еңбек ардагері, құрметті демалыста, көп бейнеттің зейнетін көріп, балаларының ортасында, оларға тілеуқор болып жүріп жатыр. Қали Манашұлы үлгілі отағасы, жұбайы, Зеренді ауданындағы Қарашілік ауылының тумасы Сара Молдахметқызы екеуі елу жыл отасып, бес бала тәрбиелеп өсірді. Бұл күнде ұлын ұяға қондырып, қызын қияға ұшырып, олардан немерелер сүйіп отыр.

Қыстың ызғары әлі кетпесе де көктемнің алғашқы күні арайлап атқан таңды қарсы алып Қалекен сыртқа шықты. Көңілі көтеріңкі. Кеше кешкілікте отбасында бір жақсы отырыс болып еді. Қали Манашұлы жетпіс бестің табалдырығын аттаған. Балалары, немерелері, етжақындары мерейтой иесін құттықтап, жол-жоралғысын жасаған болатын...

Біз де еңбек ардагері, әке абыройына кір келтірмей, қайта асқақтатып, бүкіл саналы ғұмырын еліне қызмет етуге арнаған еңбек адамына енді сексеннің сегізіннен көрейік, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын демекпіз.

Совет ХАМИТҰЛЫ,

ауыл шаруашылығының құрметті ардагері.

Суретте: Қали Манашұлы.

